ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2023 жылғы 08 желтоқсандағы Іс 2713-23-00-2/2545 Орал каласы

Батыс Қазақстан облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья У.Е.Хайруллина
сот отырысының хатшысы Б.Алимбаевтің отыруында
ашық сот отырысында азаматтық істі қарады,

ТАЛАП КОЮШЫ:
«Жаңақала аудандық мәдениет бөлімінің Жаңақала ауданық мәдени-демалыс орталығы» мемелекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Магнит» Биғалиев Рахман Бауржанұлы жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСУШЫЛАР:
талап қоюшының өкілі А.К.Еслямғалиев
жауапкер Р.Б.Биғалиев

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2023 жылғы 13 қыркүйекте тараптар арасында №101 құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарты (бұдан әрі-шарт) жасалған.

Шарттың №1 қосымшасына сәйкес, жауапкер 4 200 000 теңгеге Қызылоба ауылында орналасқан мәдениет үйін ағымдағы жөндеу жұмыстарын орындауды міндетіне алған.

Тапсырыс беруші орындалған жұмыстарды қабылдауға және ақысын төлеуге міндеттенген.

Шартты орындау мерзімі келісім шартқа отырғаннан кейін 30 күнтізбелік күн деп белгіленген.

Алайда жауапкерден 29 қыркүйек 2023 жылы шартты орындаудан бас тарту хаты түскен.

Талап қоюшы жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінді, онда жауапкер шартта көзделген міндеттемесін орындамағанын атап көрсеткен.

Жауапкер талап қоюға қарсы пікірінде талап қоюмен келіспей, шарт тараптардың келісуімен бұзылғаны көрсетілген.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талап қоюды қолдап, қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкер пікірдегі уәждерін қолдады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңының (одан әрі-Заң) 12-бабы 4-бөлігінің 3-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өңім берушілердің тізбесін білдіреді.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 272-бабына (одан әрі-АК) сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

АК-нің 616-бабының 1-тармағына сәйкес мердігерлік шарты бойынша бір тарап (мердігер) екінші тараптың (тапсырысшының) тапсырмасы бойынша белгілі бір жұмысты атқаруға және белгіленген мерзімде оның нәтижесін тапсырысшыға өткізуге міндеттенеді, ал тапсырысшы жұмыс нәтижесін қабылдап алуға және оған ақы төлеуге (жұмыстың бағасын төлеуге) міндеттенеді. Егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, жұмыс мердігердің тәуекелімен орындалады.

АК-нің 651-бабының 1-тармағында құрылыс мердігерлігінің шарты бойынша мердігер тапсырысшының тапсырмасы бойынша шартта белгіленген мерзімде белгілі бір объектіні салуға не өзге де құрылыс жұмысын орындауға міндеттенеді, ал тапсырысшы мердігерге жұмысты орындауы үшін қажетті жағдайлар жасауға, оның нәтижесін қабылдап алуға және ол үшін келісілген бағаны төлеуге міндеттенеді деп көрсетілген.

Шарттың 4.1-тармагына сай, орындаушы өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Сотта, шарт орындалмағаны, сол себептен жауапкер тарапынан шарт талаптары бұзылғаны анықталды.

Шарт тараптар арасында бұзылған.

Мемлекеттік сатып алу заңнамасына сәйкес жауапкермен шарттың орындалмау салдары оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға негіз болып табылады.

Сот, жауапкермен шарттық міндеттеменің орындалмау салдарынан талап қоюшы шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір

Құжатқа қол қойылған: Хайруллина У. Е., 08.12.2023
Заңды күшіне енген күні: 13.02.2024, судья Хайруллина У. Е., 20.02.2024
2713-23-3-1/2768

дәрежеде айрылып қалғанын ескере отырып, талап қанағаттандыруға жатады деп санайды.

ҚР АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет пайдасына 1725 теңге мемлекеттік баж өндіріліп алынады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қою қанағаттандырылсын.

«Магнит» Биғалиев Рахман Бауржанұлы жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Магнит» Биғалиев Рахман Бауржанұлы жеке кәсіпкерінен (ЖСН 980513351244) мемлекет пайдасына 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Сот шешіміне апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты осы сот шешімі түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап, ал сот отырысына қатыспаған тұлғалар, оларға сот шешімінің көшірмесі жолданған күннен бастап бір айдың ішінде БҚО мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Батыс Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына берілуі мүмкін.

Судья **Хайруллина У.Е.**

Құжатқа қол қойылған: Хайруллина У. Е., 08.12.2023

Заңды күшіне енген күні: 13.02.2024, судья Хайруллина У. Е., 20.02.2024

2713-23-3-1/2768